

Ақмола облысы әкімдігінің 2008 жылғы 17 сәуірдегі № А-3/134 "

Жекешелендіруге жататын коммуналдық меншік нысандарының тізбесін бекіту туралы" қаулысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

Күшін жойған

Ақмола облысы әкімдігінің 2009 жылғы 11 желтоқсандағы № А-13/534 қаулысы. Ақмола облысының Әділет департаментінде 2010 жылғы 11 қаңтарда № 3343. Күші жойылды - Ақмола облысы әкімдігінің 2011 жылғы 6 сәуірдегі № А-3/112 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - Ақмола облысы әкімдігінің 2011.04.06 № А-3/112 қаулысымен .

«Жекешелендіру туралы» 1995 жылғы 23 желтоқсандағы «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» 2001 жылғы 23 қаңтардағы, Қазақстан Республикасының Заңдарына сәйкес Ақмола облысының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Ақмола облысы әкімдігінің «Жекешелендіруге жататын коммуналдық меншік нысандарының тізбесін бекіту туралы» 2008 жылғы 17 сәуірдегі № А-3/134 қаулысына (нормативтік құқықтық актілерінің мемлекеттік тіркеу Тізілімінде № 3250 болып тіркелген, 2008 жылғы 20 мамырда «Арқа ажары» газетінде және 2008 жылғы 20 мамырда «Ақмолинская правда» газетінде жарияланған) келесі өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

аталған қаулымен бекітілген жекешелендіруге жататын коммуналдық меншік нысандарының тізбесінде:

реттік нөмірлері 49, 50, 51, 52 - жолдарындағы «Ақмола облысының жұмыспен қамтуды және әлеуметтік бағдарламаларды үйлестіру басқармасының «Первомайск балалар психоневрологиялық және тірек-қозғалу аппараты функцияларының бұзушылықтары бар балаларға арналған» МӘМ» сөздері « Астрахан ауданы Первомайск селолық округі әкімінің аппараты» ММ» сөздерімен ауыстырылсын;

реттік нөмірлері 36, 111 - жолдары алынып тасталсын; келесі мазмұндағы реттік нөмірлері 112-117 - жолдарымен толықтырылсын:

«

112	2005 жылы шыққан, мемлекеттік нөмірі С175ВU, ВА3-21213 102 автомашинасы	Целиноград ауданы, Ильинка с.	«Целиноград ауданы Қараөткел селолық округі әкімінің аппараты» ММ
113		Астрахан ауданы, Ұзынкөл с.	

	2002 жылы шыққан, мемлекеттік нөмірі С437 КС, ВА3-21213 Нива автомашинасы		«Астрахан ауданы Ұзынкөл селолық округі әкімінің аппараты» ММ
114	1993 жылы шыққан, мемлекеттік нөмірі С435КС, ГАЗ 31029 «Волга» автомашинасы	Сандықтау ауданы, Балкашин к. Абылай-хан к-сі,121	Сандықтау ауданының ішкі саясат бөлімі жанындағы «Сандықтауские вести» аудандық газет редакциясы» ШЖК МКК
115	2000 жылы шыққан, мемлекеттік нөмірі С178 КС, ВА3-21070 автомашинасы	Степногорск қ.	Ақмола облысының туризм, дене шынықтыру және спорт басқармасының «Бөгенбай батыр атындағы спортта дарынды балаларға арналған облыстық мектеп-интернаты» ММ
116	Алғабас орта мектептің ғимараты	Астрахан ауданы, Алғабас с.	«Астрахан ауданының білім бөлімі» ММ
117	Қайнар ауылдық округінің әкімі аппаратының әкімшілік ғимараты	Астрахан ауданы, Қайнар с.	«Астрахан ауданы Қайнар селолық округі әкімінің аппараты» ММ

»

;

«Қысқарған сөздердің толық атаулары» ескертудегі «МӘМ – медициналық-әлеуметтік мекемесі» жолы алынып тасталсын.

2. Осы қаулы Ақмола облысының әділет департаментінде мемлекеттік тіркелген күнінен бастап күшіне енеді және ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Ақмола облысының әкімі

А.Рау